

## Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы

2003 жылғы 11 шілдедегі № 5 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Ескерту. Нормативтік қаулының тақырыбы және деректемелері жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "АІЖК-нің" деген сөз "АПК-нің" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "талап-арыз", "талап қою арызына", "талап-арызды", "талап-арыздың", "Талап-арыздың", "талап-арызының", "талап-арызын", "Талап-арыз", "талап-арыздар", "талап арыз" деген сөздер тиісінше "талап қою", "талап қоюға", "талап қоюды", "талап қоюдың", "Талап қоюдың", "талап қоюының", "талап қоюын", "Талап қою", "талап қоюлар", "талап қою" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "талапкер", "талапкердің", "талапкерге", "қойылған талапты", "талаптан" деген сөздер тиісінше "талап қоюшы", "талап қоюшының", "талап қоюшыға", "талап қоюды", "талап қоюдан" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "дәлелдеу" деген сөз "уәждеу" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Азаматтық процесілік кодексінің (бұдан әрі – АПК) сот актілерін шығаруды регламенттейтін нормаларын дұрыс және біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

1. Бірінші сатыдағы сот АПК-нің 21-бабының бірінші бөлігіне сәйкес азаматтық істер бойынша сот актілерін сот бұйрықтары, шешімдері, ұйғарымдары, қаулылары нысанында қабылдайды. Апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттар сот актілерін ұйғарымдар мен қаулылар нысанында қабылдайды.

Занды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ сот төрелігін іске асыру кезінде соттар мен судьялардың өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары және басқа да жолданымдары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар үшін міндетті болып табылады және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға тиіс.

Істі мәні бойынша шешетін бірінші сатыдағы соттың сот актісі АПК-нің 223-бабына сәйкес шешім нысанында шығарылады.

АПК-нің 226-бабындағы шешімнің мазмұны туралы талаптар іс жүргізудің барлық түрлері (оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу, талап қою ісін жүргізу, ерекше талап қою ісін жүргізу және ерекше іс жүргізу) үшін міндетті.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

1-1. АПК-нің 267-4-бабының бірінші бөлігіне сәйкес оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған іс бойынша сот кіріспе және қарар бөліктерінен тұратын шешім шығарады.

Сот тараптың шешім заңды күшіне енгенге дейін мәлімдеген жазбаша өтінішхаты бойынша кіріспе, уәждеу және қарар бөліктерінен тұратын шешімді дайындауға міндетті.

Сот осындай шешімді өз бастамасымен де дайындауға құқылы.

АПК-нің 267-4-бабының үшінші бөлігіне сәйкес сот шешімнің күшін жоюдан бас тарту туралы ұйғарыммен бірге, егер бұрын мұндай шешім берілмеген болса, тараптарға кіріспе, уәждеу және қарар бөліктерден тұратын шешімді дайындап беруге міндетті.

Уәждеу бөлігі бар шешім сотқа өтінішхат келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде дайындалуы тиіс.

Шешімнің уәждеу бөлігін дәлелді себептермен дайындау мүмкін болмаған жағдайда судьяның қолы қойылған кіріспе және қарар бөліктерінен тұратын шешімге АПК-де белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

**Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 21.04.2022 № 5 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

1-2. АПК-нің 27-1 және 28-1-баптарында облыстық және оған теңестірілген соттың, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төменгі тұрған соттардың іс жүргізуіндегі біртекті істердің бірін (талап қоюдың нысаны мен негіздері бойынша, субъектілік құрамы бойынша ұқсас) талап ету, өзінің іс жүргізуіне қабылдау, бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарау және шешу құқығы бекітілген.

Жоғары тұрған соттың істі талап етіп, бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарауы үшін іс жүргізуінде іс жатқан сот тараптардың жазбаша келісімін алуға міндетті.

Егер тараптардың бірінің келісімі болмаса, сот істі талап ете алмайды, өйткені Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Конституция) 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды.

Бір текті істердің бірін талап ету және оны қарау туралы мәселеге жоғары сатыда тұрған сот, іс жүргізуінде іс жатқан сот, сонымен қатар тараптар не тараптардың бірі бастамашылық етуі мүмкін.

Соттар біртекті істердің бірі бойынша шығарылған шешімді АПК-нің 226-бабының 5-1-бөлігіне сәйкес пайдалана алады.

**Ескерту. 1-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 21.04.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

2. Толық тізбесі АПК-нің 135-бабында көрсетілген және мазмұны бойынша АПК-нің 140-бабының талаптарына сай келуге тиіс сот бұйрығы даусыз талаптар бойынша шығарылады, сондай-ақ сотқа жауапкердің мәлімделген талапқа қарсылық беру тәртібі мен мерзімі туралы түсіндірмені қамтуға тиіс.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

3. Шешім Қазақстан Республикасының атынан заңға және нақты іс бойынша сот анықтаған фактілерге қатаң сәйкестікте шығарылады.

Тараптардың, талап қоюшының не жауапкердің жағынан қатысатын үшінші тұлғалардың не іске қатысатын басқа адамдардың түсініктемелері, куәлардың, сарапшының айғақтары, маманның түсіндірмелері шешімде даудың мәні бойынша қысқаша, үшінші жақтан келтіріліп, жазылады.

Шешімнің мәтінінде: оқиғалар мен мән-жайлардың шамадан тыс артық жазылуына; дауға қатысы жоқ құқық нормаларының келтірілуіне; қабылданбаған қысқартулар мен ресми құжаттарда қолданылмайтын сөздерді пайдалануға; сотта айтылмаған түзетулерді енгізуге жол берілмейді.

Шешім бөгде адамдардың қатысуын және кеңесу құпиясын жария етуді болдырмайтын жағдайларда шығарылады. Шешім бір данада жазбаша нысанда жазылады және қолмен жазу, машинкада жазу немесе компьютерлік тәсілмен дайындалуы мүмкін.

Шешім қолжазба немесе машинкада жазу тәсілімен дайындалған жағдайда оның көшірмесі сот жүйесінің заң техникасы мәселелерін және сот актілерін әзірлеу

өлшемшарттарын регламенттейтін ішкі құжаттарына сәйкес компьютерлік тәсілмен орындалуы тиіс.

Соттың шешімі қабылданғаннан және оған қол қойылғаннан кейін судья шешімді толық немесе оның қарар бөлігін жария етеді. Шешімнің жарияланған қарар бөлігіне судья қол қоюы және ол іске қоса тіркелуі тиіс.

АПК-нің 223-бабының 4-1-бөлігіне сәйкес жария етілген шешімді түпкілікті нысанда дәлелді себептер бойынша дайындауға мүмкін болмаған кезде судья қол қойған шешімнің қарар бөлігіне АПК-де белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Іске қатысатын адамдар мен олардың өкілдері келмеген жағдайда шешім сот отырысында жария етілмейді, бұл туралы сот отырысының хаттамасында белгі қойылады.

Сот шешімді жария етуді АПК-нің 183-бабының екінші бөлігінде көзделген мерзім шегінде, бірақ бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге кейінге қалдыруға құқылы. Мұндай жағдайда шешім жарияланғанға дейін түпкілікті нысанда дайындалуы тиіс.

Іс бойынша шешім жарияланған күн шешім шығарылған күн болып табылады.

Шешімді шығару орны осы шешім шығарылған қаланың немесе өзге де елді мекеннің атауына байланысты анықталады.

Заңмен белгіленген жазбаша нысанда дайындалмаған және судья қол қоймаған ауызша түйіндердің жария етілуі сот шешімі болып табылмайды.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

**4. Алып тасталды – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.**

5. АПК-нің 224-бабына сәйкес сот шешімі заңды және негізді болуға тиіс.

Шешім процестік құқық нормалары сақтала отырып және осы құқықтық қатынасқа қолдануға жататын материалдық құқық нормаларына толық сәйкестікте шығарылғанда немесе қажетті жағдайларда ұқсас қатынасты реттейтін заңды қолдануға негізделгенде, не азаматтық заңнаманың жалпы негіздері мен мағынасын және адалдық, ақылға сыйымдылық пен әділеттілік талаптарын (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-бабы (бұдан әрі – АК) және АПК-нің 6-бабы) негізге алғанда, заңды болып табылады.

Осы іс үшін маңызы бар, сот зерттеген дәлелдемелермен расталған, олардың қатыстылығы, жарамдылығы және анықтығы туралы заң талаптарына сай келуін қанағаттандыратын немесе дәлелдеуді қажет етпейтін жалпыға мәлім мән-жайлар мен дауды шешу үшін жеткілікті болатын фактілер көрсетілген шешім негізді болып саналады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

6. Шешім нысанындағы сот актілері істі мәні бойынша қараған кезде шығарылады. Мәні бойынша қаралмаған талап қою талаптарының сол қатысты бөлігі бойынша сот түйіндерін шешімнің қарар бөлігіне енгізуге жол берілмейді. Осы талаптар бойынша сот түйіндері шешімнен бөлек ұйғарым нысанындағы (арызды қараусыз қалдыру, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы) сот актісінде баяндалуға тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

7. АПК-нің 226-бабына сәйкес, дауды мәні бойынша шешу кезінде сот кіріспе, сипаттау, уәждеу және қарар бөліктерінен тұратын шешім шығарады, олардың мазмұны осы баптың үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы бөліктерінде көзделген талаптарға сай келуге тиіс.

Шешімнің уәждеу бөлігінде дәлелдемелер олардың толық мазмұны ашылмай-ақ баяндалуы мүмкін.

АПК-нің 222-бабының екінші бөлігіне сәйкес төрағалық етуші сот шешімі жария етілгеннен кейін оны қабылдаудың құқықтық негіздері мен салдарларын ауызша түсіндіреді. Осы түсіндірме түсініксіз болған жағдайда тараптарға нақтылаушы сұрақтар қою мүмкіндігі беріледі, бұл туралы сот отырысының хаттамасында тиісті белгі қойылады.

Іске қатысатын адамдар келмеген жағдайда, шешімді түсіндіру жүргізілмейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.12.29 № 6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 16.03.2018 № 3 нормативтік қаулысымен (01.09.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.09.2018 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 21.04.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

8. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.12.29 № 6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

9. Шешімнің кіріспе бөлігін дайындаған кезде АПК-нің 226-бабының үшінші бөлігін басшылыққа алу қажет.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты туралы (болған жағдайда) дербес деректерді оның жеке басын куәландыратын ресми құжаттағы жазбаға сәйкес көрсету қажет.

Іс бойынша іс жүргізу орыс тілінде жүзеге асырылған да, ал адамның тегі, аты, әкесінің аты жеке басын куәландыратын құжаттарда мемлекеттік тілде көрсетілген

жағдайларда шешімде адамның дербес деректері септік жалғауларын жалғамай, жеке басын куәландыратын ресми құжаттағы жазбаға дәл сәйкестікте көрсетілуі тиіс.

Сот шешіміндегі шетелдік адамның тегі, аты және әкесінің аты іс жүргізу тілінде де, жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген транскрипцияда да жазылады.

Жеке тұлғаның жеке басы "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 73-V Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағында тізбесі көзделген құжаттардың негізінде куәландырылады.

Егер тарап заңды тұлға болса, онда оның атауын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттарға сәйкес көрсеткен жөн.

Талап қоюшы, даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлға немесе қарсы талап қою бойынша жауапкер бірнеше талапты мәлімдеген кезде олардың әрқайсысы нөмірленуі тиіс.

Кейіннен шешімде, қарар бөлігін қоспағанда, мәлімделген талаптардың толық мәтінін келтірмеуге, талаптың нөмірін - № 1 талап, № 2 талап және т.б. деп көрсетуге жол беріледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

10. Шешімнің сипаттау бөлігінде АПК-нің 226-бабы төртінші бөлігінің талаптарынан басқа, дау туындағанға дейінгі және іске тікелей қатысы бар даусыз фактілер қысқаша нысанда жазылады. Бұл ретте талап қоюды және талап қоюға берілген пікірді толық көрсетуге және көшіруге жол берілмейді.

Егер талап қоюшы талап қоюдың негіздері мен нысанасын өзгертсе, оның мөлшерін азайтса, мәлімделген талаптардың мазмұны, шешімнің сипаттау бөлігінде көрсетілуі тиіс.

Егер сот АПК-нің 154-бабында көзделген негіздер бойынша қарсы талап қоюды қарауға қабылдаса, онда қарсы талаптардың да мазмұны да шешімнің сипаттау бөлігінде көрсетіледі.

Бұдан басқа, шешімнің сипаттау бөлігінде жауапкердің қарсылықтары және іске қатысқан басқа да адамдардың түсініктемелері келтірілуі тиіс.

Шешімнің сипаттау бөлігінде шешім шығару кезінде сот шешуге тиіс мәлімделген өтінішхаттар (талап қоюдың ескіру мерзімін қолдану, тұрақсыздық айыбын азайту, шешімді дереу орындауға жіберу туралы және басқа да өтінішхаттар) да жазылады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

11. Шешімнің уәждеу бөлігі сот шешімді қабылдау кезінде негізге алған құқық нормаларын баяндаудан басталады. Сот олардың мазмұнын негізге ала отырып, іс үшін маңызды болып табылатын мән-жайлардың ауқымын анықтайды.

АПК-нің 225-бабына сәйкес ұсынылған дәлелдемелерді бағалау соттың іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлар анықталғаны және қандай мән-жайлар анықталмағаны жөнінде түйін жасауына мүмкіндік береді.

Сот шешімі пайдасына шығарылған тараптың дәлелдері мен дәлелдемелерін шешімде біржақты жазуға жол берілмейді. Сот екінші тараптың дәлелдерін қандай негіздермен қабылдамағанын және осы тарап сілтеме жасаған материалдық құқық нормаларын қолданбағанын көрсетуге міндетті.

Сот актісінің (сот актілерінің) күшін жоғары тұрған сатыдағы сот жойған және істі жаңадан қарауға жіберген жағдайда сот кассациялық сатыдағы соттың қаулысында жазылған ережелерді орындау мүмкін еместігіне уәждер келтіруге міндетті.

Шешім істің мән-жайлары туралы болжамдарға негізделуі мүмкін емес. Сот шешімде сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқылы емес. Сот шешімді әрбір тараптың дәлелдемелерді зерттеуге тең негіздерде қатысуы қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейді.

Егер дәлелдемелерді жинау соттың тапсырмасын орындау тәртібімен жүргізілсе, онда сот осы дәлелдемелер сот отырысында жария етілген және зерттелген жағдайда шешімді осы дәлелдемелермен негіздеуге құқылы. Егер іске қатысатын адамдар немесе АПК-нің 74-бабының тәртібімен тапсырманы орындаған сотқа түсініктемелер немесе айғақтар берген куәлар істі қарайтын сотқа келсе, олар түсініктемелер мен айғақтарды жалпы тәртіппен береді.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша процестік әрекеттер АПК-нің 69, 70, 71-баптарында көзделген тәртіппен жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда сот жиналған дәлелдемелерді (хаттамалар мен басқа да материалдарды) сот отырысында зерттеуі және шешім шығарған кезде бағалауы тиіс.

Іске қатысатын адамдар АПК-нің 46-бабының бірінші бөлігіне сәйкес оның ішінде: сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; айтылған сөздердің мәтіні мен сот шешімі ұсынылған редакциясын (жобасын) табыс ете отырып, сот жарыссөздеріне қатысуға; бұзылған немесе дау айтылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында басқа да процестік құқықтарды пайдалануға құқылы.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

12. Сарапшының қорытындысы басқа дәлелдемелерге қарағанда басымдыққа ие болмайды және сот үшін міндетті болып табылмайды. Ол басқа дәлелдемелердің жиынтығымен бірге бағалануға тиіс. Сарапшы қорытындысын бағалау шешімнің уәждеу бөлігінде көрсетілуге тиіс. Бұл ретте сот сарапшының түйіндері неге негізделетінін, сараптамаға ұсынылған материалдардың толық

зерделенген-зерделенбегенін және оның тиісті талдау жасаған-жасамағанын көрсетуге тиіс. Сот өз шешімінде сарапшының қорытындысымен келіспейтіндігін уәждеуге міндетті.

Егер сараптама жүргізу бірнеше сарапшыға тапсырылса, олардың әрқайсысы сараптамалық зерттеу нәтижесі бойынша жекелеген қорытындылар берген болса, онда сот әрбір сарапшының қорытындысымен келісетіні не келіспейтіні жөнінде дәлелдер келтіруге тиіс.

Сарапшының сот отырысында берген ауызша айғақтары АПК-нің 92-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес оның бұрын берген қорытындысын түсіндіруге, толықтыруға не нақтылауға қатысты бөлігінде ғана дәлелдемелер бола алады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

13. АПК-нің 76-бабына сәйкес соттың қылмыстық іс бойынша заңды күшіне енген, талап қоюды қанағаттандыру құқығы танылатын үкімі өзіне қатысты сот үкімі шығарылған адам іс-әрекеттерінің азаматтық-құқықтық салдары туралы істі қарайтын сот үшін міндетті. Сонымен қатар, бұл үкімнің: осы іс-әрекеттердің орын алған-алмағаны және оларды осы адамның жасаған-жасамағаны жөніндегі мәселелер бойынша, сондай-ақ үкіммен анықталған басқа да мән-жайларға және олардың құқықтық бағалануына қатысты преюдициялық маңызы бар. Осындай қылмыстық істен туындайтын талап қоюды қарайтын сот жауапкердің кінәлілігін талқылауға құқылы емес, алайда, тағайындалған соманың мөлшерін (мысалы, жауапкердің мүліктік жағдайын немесе жәбірленушінің кінәсін есепке алуды) негіздейтін азаматтық істегі дәлелдемелерді шешімнің уәждеу бөлігінде келтіруге құқылы.

Бұрын қаралған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген сот шешімімен немесе қаулысымен анықталған мән-жайлар сот үшін міндетті және нақ сол адамдардың қатысуымен басқа азаматтық істерді қарау кезінде қайтадан дәлелденбейді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

14. АПК-нің 48-бабының мағынасы бойынша талап қоюды тану жауапкердің құқығы болып табылады. Егер жауапкердің талап қоюды тануы қандай да бір адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзбайтын болса, заңға қайшы келмесе, онда сот шешімнің уәждеу бөлігінде талап қоюдың танылғанын және оны сот қабылдағанын көрсетеді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**



15. Егер сот дәлелдемелердің әрқайсысын жеке және жиынтығында бағалай отырып, кейбір ұсынылған материалдар, куәлардың айғақтары, басқа да дәлелдемелер тараптар өздерінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасаған мән-жайларды растамайтынын анықтаса, онда шешімнің уәждеу бөлігінде бұл туралы түйіндерін негіздеуге міндетті.

Сот отырысында дауды дұрыс шешу үшін маңызы бар дәлелдемені тарап өзінде ұстап қалуы және соттың сұратуы бойынша бермеу фактісі анықталған кезде сот шешімнің уәждеу бөлігінде дәлелдемелер жиынтығының негізінде АПК-нің 73-бабының тоғызыншы бөлігінде көзделген талаптарды ескере отырып, осы дәлелдемедегі мәліметтерді бағалайды.

Шешімнің уәждеу бөлігінде сот осы құқықтық қатынастарға қолданған материалдық заңды және сот басшылыққа алған процестік нормаларды көрсету қажет.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

16. АПК-нің 225-бабының екінші бөлігіне және 48-бабының екінші бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді және өз бастамасы бойынша талап қою нысанасын немесе негізін өзгертуге құқылы емес. Сот заңда тікелей көзделген жағдайларда ғана мәлімделген талаптардың шегінен шығуға құқылы. Мәселен, ата-ана құқықтарын шектеу немесе одан айыру туралы шешім шығарған кезде сот балаға алимент өндіріп алу туралы мәлімделмеген талапты бір мезгілде шешуге құқылы ("Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 76-бабының 3-тармағы, 79-бабының 5-тармағы).

Талап қоюдың нысанасы талап қоюшының (арыз берушінің) нақты талаптарына негізделеді және сотқа жүгінген тұлғаның құқықтары, бостандықтары немесе заңды мүдделері бұзылуының немесе бұзылуына қауіп төнуінің мәні көрсетіле отырып, материалдық-құқықтық талап ретінде айқындалады.

Талап қоюдың негіздемесі деп мүдделі адам көрсеткен, өзінің талап қоюшының нысанасы болып табылатын материалдық-құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әсер ететін фактілер түсінілуге тиіс.

Талап қоюдың мөлшерін нақтылау туралы мәселе қозғалып отырғандықтан, талап қоюдың мөлшерін ұлғайту немесе азайту талап қою нысанасын өзгерту ретінде қаралуы мүмкін емес.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

17. Шешімнің уәждеу бөлігінде белгіленген нақты мән-жайлардан туындайтын талап қоюды қанағаттандыру туралы немесе талап қоюды қанағаттандырудан толық

немесе оның бір бөлігінде бас тарту туралы соттың түйіні шешімнің қарар бөлігінде қамтылуға тиіс.

Шешімді орындау кезінде түсініксіз жағдайлар мен даулар болмауы үшін сот шешімнің қарар бөлігін нақты және түсінікті етіп жазуға міндетті.

Шешім талап қоюшының мәлімдеген барлық талаптары бойынша қабылданады.

Бірнеше талап бірнеше іс жүргізуге біріктірілсе немесе сот қарсы талап қоюды, не даудың мәніне дербес талаптарын мәлімдеген үшінші тұлғалардың талап қоюын қарауға қабылдаған жағдайда шешімнің қарар бөлігінде әрбір талап бойынша сот нақты қандай шешімге келгені, кімнің, қандай нақты әрекеттерді және кімнің пайдасына жасауы керектігі, дауланып отырған құқық қай тараптың пайдасына танылғаны тұжырымдалуы тиіс.

Сот іске қатысуға тартылмаған адамдардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселені шешуге құқылы емес.

Сонымен қатар, заңда көрсетілген басқа да мәселелер, атап айтқанда: сот шығыстарын бөлу, сот шешіміне шағым жасау тәртібі мен мерзімі, шешімді орындауға қабылдау мерзімі және оның орындалуын қамтамасыз ету мен орындау бойынша қабылданған шаралар мәселесі шешілуі тиіс.

Мәлімделген талаптарды қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тарту туралы шешім шығару кезінде ол кімге қатысты және неден бас тартылғаны нақты көрсетілуге тиіс.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

18. АПК-нің 102-бабына сәйкес сот шығыстары іс бойынша іс жүргізуге байланысты мемлекеттік баж бен шығындардан тұрады.

Мемлекеттік баж сомасын анықтау кезінде сот "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) нормаларын басшылыққа алуға тиіс.

Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар істі қарау және шешу, сондай-ақ ол бойынша шығарылған шешімді орындау кезінде мүдделі тұлғалардың нақты жұмсаған шығындарын құрайды. Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындардың үлгі тізбесі АПК-нің 108-бабында қамтылған. АПК-нің 109-бабының бірінші бөлігіне сәйкес сот өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа бұл тараптың оларды төлеуден босатылғанына қарамастан іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді.

Талап қоюшы талап қоюдан бас тартқан кезде ол жұмсаған сот шығыстарын жауапкер өтемейді. Талап қоюшы жауапкерге іс жүргізуге байланысты оның жұмсаған сот шығыстарын өтейді. Егер талап қоюшы талап қою берілгеннен кейін жауапкердің оларды ерікті түрде қанағаттандыруы нәтижесінде өз талаптарын қолдаудан бас тартса,

сот талап қоюшының өтінішхаты бойынша жауапкерден барлық жұмсаған сот шығыстарын өндіріп алады. Егер талап қою жауапкердің кінәлі мінез-құлқынан туындамаса, онда сотта жауапкер қойылған талапты мойындаған жағдайда сот шығыстарын өтеу талап қоюшыға жүктеледі.

Талап қою ішінара қанағаттандырылған кезде сот талап қоюшы шеккен шығындарды талап қоюдың сот қанағаттандырған талап қоюлардың мөлшеріне пропорционалды, ал жауапкерге талап қоюшының талап қою талаптарынан бас тартылған бөлікке пропорционалды түрде алып береді.

Процеске қатысатын және тараппен еңбек қатынастарында тұрмаған өкілдің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар тараптың нақты шеккен шығындары мөлшерінде өндіріліп алуға жатады, бірақ ақшалай талаптар бойынша өндірілетін сома талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігінің он пайызынан аспауға тиіс екенін соттардың ескергені жөн (АПК-нің 113-бабы). Мүліктік емес сипаттағы талап қоюлар бойынша шығыстардың сомасы ақылға қонымды шекте өндіріп алынады, бірақ үш жүз айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Бірнеше жауапкер бар істер бойынша шешімдер шығару кезінде олардан сот шығыстары ортақ қатынаста емес, үлестік қатынаста өндіріліп алынады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

18-1. Егер іске қатысатын адамның заңда немесе шартта көзделген дауды реттеудің наразылық немесе сотқа дейінгі өзге де тәртібін бұзуы, оның ішінде наразылыққа жауап беру мерзімін бұзуы, наразылықты жауапсыз қалдыруы салдарынан дау туындаса, сот істі қараудың нәтижелеріне қарамастан, сот шығыстарын осы тұлғаға жүктейді.

Сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде дәлелдемелер сот белгілеген мерзімді және дәлелдемелерді дәлелді себептерсіз ұсынудың АПК-де белгіленген тәртібін бұза отырып ұсынылған жағдайда, егер бұл сот процесінің созылуына, істі қарауға және заңды әрі негізді сот актісін қабылдауға кедергі келтіруге әкеп соқса, іс бойынша барлық сот шығыстарын жүктеуге құқылы.

**Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

19. Сол немесе өзге құқықты тану туралы істер бойынша талап қоюды қанағаттандыру кезінде сот шешімнің қарар бөлігінде құқықтың бар екенін, сондай-ақ

осындай тануға әкеп соғатын құқықтық салдарларды (мысалы, неке жарамсыз деп танылған кезде мұндай некені тіркеу туралы акті жазбасы жойылады) да көрсетуге міндетті.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

20. Теңге АҚ-нің 127-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында белгіленген құны бойынша қолдануға міндетті заңды төлем құралы болып табылады. АПК-нің 229-бабын қолдануға қатысты ақша сомаларын өндіріп алу туралы талап қоюлар бойынша талаптарды қанағаттандыру кезінде соттар шешімнің қарар бөлігінде өндіріліп алынатын соманың мөлшерін цифрлармен және сөздермен, Қазақстан Республикасының ақша бірлігі - теңгемен көрсетуге тиіс. Мерзімді төлемдерді өндіріп алу кезінде сот өндіріп алу жүргізілетін кезеңді көрсетуге міндетті.

Ақша сомасын шетел валютасымен өндіріп алу туралы талап қою берілген жағдайда сот шешімнің уәждеу бөлігінде шетел валютасын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан – әрі Ұлттық Банк) шешім шығарылатын күнге белгілеген бағамы бойынша теңгеге айналдыру жөніндегі есептерді келтіруге міндетті.

Сот "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі № 167-VI Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда валюталық операциялар жасау кезінде туындаған құқықтық қатынастар бойынша ақша сомасын шетел валютасымен өндіріп алу туралы шешім шығаруға құқылы.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

**21. Алып тасталды – ҚР Жоғарғы Сотының 21.04.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.**

22. Нормативтік құқықтық актіні заңға толық немесе ішінара қайшы деп тану туралы істер бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың арызы қанағаттандырылған жағдайда сот шешімнің қарар бөлігінде акт қабылданған сәттен бастап мұндай актіні толығымен не оның бір бөлігі қолданылуға жатпайды деп тануға міндетті. Сонымен қатар сот нормативтік құқықтық актіні жариялаған бұқаралық ақпарат құралдарын сот шешімі туралы хабарламаны сот белгілеген мерзімде жариялауға міндеттейді.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

23. Мүлікті заттай алып берген кезде сот шешімнің қарар бөлігінде мүліктің жеке белгілі бір белгілерін және құнын көрсетеді.

Ортақ меншіктегі мүлікті пайдалану не осындай мүлікті (жер учаскелері, үй құрылыстары және т.б.) бөлу тәртібін анықтау туралы дауларды қарау кезінде сот шешімнің қарар бөлігінде тараптардың әрқайсысына берілетін мүлік бөлігінің мөлшері мен шекарасын, сонымен қатар тараптардың ортақ пайдалануында қалған мүлік бөлігінің мөлшері мен шекарасын, өтетін жерлердің мөлшері мен шекарасын, кіріп-шығатын жерлерді жабдықтау орындарын, қоршаулар орнатуды, үй-жайларды қайта жоспарлау тәртібі мен назар аударуды қажет ететін басқа да мән-жайларды дәл және анық көрсетуге тиіс.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

**24. Алып тасталды – ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.**

25. Соттар іс жүргізуді тоқтатқан кезде АПК-нің 277-бабында көзделген негіздемелердің кеңінен түсіндіруге жатпайтынын ескеруге тиіс. АПК-нің 277-бабының 1) тармақшасына сәйкес даудың соттың ведомстволығына жатпайтындығына байланысты іс жүргізуді тоқтата отырып, сот ұйғарымда осы іс ведомстволығына жататын органды және мүдделі тұлғаның қайда жүгіне алатынын көрсетеді.

Іс жүргізу АПК-нің 277-бабының 5) және 6) тармақшаларының негіздері бойынша татуласу туралы келісімді немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді жасасуға және оларды соттың бекітуіне байланысты тоқтатылған жағдайда ұйғарымның қарар бөлігінде олардың шарттары, шығыстарды және өкілдердің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды бөлудің тәртібі, егер тараптар мұндай тәртіпті көздесе, көрсетіледі. Тараптар арасында сот шығындарын бөлудің тәртібі туралы келісім болмаған жағдайда, сот бұл мәселені АПК-нің 113 және 116-баптарында көзделген тәртіппен шешуге міндетті.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

26. Сот АПК-нің 279-бабында көрсетілген негіздер бойынша талап қоюды қараусыз қалдырады, олардың тізбесі толық болып табылады. Сот ұйғарымда істің сотта қаралуына кедергі келтіретін АПК-нің 279-бабының 1), 2), 3), 9) және 10) тармақшаларында санамаланған мән-жайларды қалай жоюға болатынын көрсетуге міндетті.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

27. АПК-нің 235-бабына орай шешімді шығарған сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзетуге құқылы. Түзетулерді енгізу туралы мәселені сот шығарылған шешімнің орындалған-орындалмағанына қарамастан, бірақ ол мәжбүрлеп орындатуға ұсынылуы мүмкін уақыттың ішінде заңда белгіленген мерзімнің шегінде шешілуі мүмкін.

Сот өз қалауы бойынша іске қатысатын адамдарды шақырмастан шешімдегі қате жазулар мен анық арифметикалық қателерді түзету туралы арызды қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген адамдардың келмеуі арызды қарауға кедергі болмайды.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

28. Шешім дереу орындалатын жағдайларды қоспағанда, ол заңды күшіне енгеннен кейін орындалады. Сот АПК-нің 243-бабында көрсетілген істер бойынша шешімдерді шығару кезінде, талаптар қанағаттандырылған жағдайда, оның қарар бөлігінде сот шешімінің міндетті түрде дереу орындалатынын көрсетеді.

Егер айрықша мән-жайлардың салдарынан шешімді орындаудағы кідіріс өндіріп алушы үшін елеулі нұқсан келтіруі мүмкін болса немесе шешімді орындау мүмкін болмаса (мысалы, талап қоюшыға берілген мүліктің жойылуы), сот талап қоюшының өтініші бойынша шешімді дереу орындауға жіберуге құқылы. Сот шешімін дереу орындауға жіберу туралы мәселе шешімді шығару кезінде шешілуі мүмкін. Іске қатысатын адамдарға отырыстың өткізілетін орны мен уақыты туралы хабарланып, сот отырысында қаралатын шешімді дереу орындау туралы өтінішхат шешім шығарылғаннан кейін де қаралуы мүмкін, алайда олардың келмеуі осы мәселені шешуге кедергі болмайды. Шешімді дереу орындауға жіберу туралы ұйғарым шығарылады, ол іске қоса тіркеледі.

АПК-нің 244-бабына сәйкес шығарылған сот шешімін дереу орындау туралы сот ұйғарымына жеке шағым беру, прокурордың өтінішхат келтіруі мұндай ұйғарымның орындалуын тоқтата тұрады.

**Ескерту. 28-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 16.03.2018 № 3 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 21.04.2022 № 5 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 07.12.2023 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.**

29. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 12.01.2009 N 2 Нормативтік қаулысымен

**30. Алып тасталды – ҚР Жоғарғы Сотының 07.12.2023 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.**

31. Сот АПК-нің 239-бабына сәйкес алып берілген ақша сомасын индекстеу туралы ұйғарым шығаруға құқылы. Индекстеу, ақшалай міндеттемені орындау мерзімін кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту кезеңін қоспағанда, Ұлттық Банктің сот шешімі орындалатын күнгі базалық мөлшерлемесінің негізінде шешім заңды күшіне енген күнінен бастап борышкердің ақшалай міндеттемені нақты орындаған күнге дейінгі кезеңге есептеледі.

Сот ұйғарылған ақша сомаларын индекстеу туралы арызды өз қалауы бойынша іске қатысатын адамдарды шақырмай-ақ қарауға немесе сот отырысын тағайындауға құқылы. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген адамдардың келмеуі арызды қарауға кедергі болмайды. Ұйғарылған соманы индекстеу туралы арыз бойынша материалдар азаматтық іс материалдарына тігіледі.

Сот ұйғарымы бойынша АПК-нің 239-бабының тәртібімен өндірілген сол ақшалай сомаларын индекстеп өндіріп алуға жол берілмейді.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

32. Сот қосымша шешімді АПК-нің 236-бабында көрсетілген жағдайларда ғана шығара алады.

Егер сот шешіміне апелляциялық шағым берілсе немесе апелляциялық өтінішхат келтірілсе, сонымен бірге қосымша шешім шығару туралы мәселе қойылса, онда сот ең алдымен сот отырысында қосымша шешім шығару туралы мәселені шешіп, одан кейін істі қарау үшін апелляциялық сатыдағы сотқа жіберуге міндетті.

Сот қосымша шешім шығару себебімен шешімнің мазмұнын өзгертуге не сот отырысында зерттелмеген жаңа мәселелерді шешуге құқылы емес.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

33. Шығарылған шешім түсініксіз болған жағдайда істі қараған сот іске қатысқан адамдардың арызы, сондай-ақ сот орындаушысының өтінішхаты бойынша шешімді түсіндіруге құқылы. Егер шешім орындалса немесе заңда көзделген шешімнің мәжбүрлі түрде орындалуы мүмкін болатын мерзім өтіп кетсе, шешімді түсіндіруге жол берілмейді.

Сот шешімді түсіндіру кезінде оның мазмұнын өзгертуге, сондай-ақ сот шешімінде көрсетілмеген мәселелерді талқылауға құқылы емес.

АПК-нің 237-бабының екінші бөлігіне сәйкес судья шешімді түсіндіру туралы арызды сот отырысын өткізбестен шешеді. Іске қатысатын адамдар осындай арыздың

келіп түскені туралы хабарландырылады және олар арызға пікірлерін сотқа жіберуге құқылы.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

34. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 09.06.2009 № 6 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

35. Алып тасталды – ҚР Жоғарғы Сотының 21.04.2022 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

36. Заңды күшіне енген сот шешімінің күші жойылған жағдайда және осы шешімнің орындалғаны туралы анық деректер болған кезде істі қайтадан қарайтын сот жауапкердің жазбаша арызы бойынша АПК-нің 247-бабына сәйкес талап қоюдан толық немесе оның бір бөлігінен бас тарту туралы жаңа шешім қабылдаған немесе іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы не талап қоюды қараусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарған жағдайда шешімнің орындалуын бұру туралы мәселені қарауға міндетті.

Егер сот істі жаңадан қарау кезінде күші жойылған шешім бойынша шешімнің орындалуын бұру туралы мәселені шешпесе, онда жауапкердің мұндай арызы іске қатысатын адамдарға, ал қажет болған жағдайда – күші жойылған шешімді орындаған органға хабарланып, сот отырысында қаралады. Сот істі қараудың нәтижелері бойынша ұйғарым шығарады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

37. АПК-нің 234-бабына сәйкес сот отырысына келмеген тараптарға және іске қатысатын басқа адамдарға шешімнің көшірмелері шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, оның алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі немесе беріледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

38. Конституцияның 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі және жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.



Ескерту. Қосымша алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 10.09.2018 № 14 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

*Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының Төрағасы  
Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК